

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Жаратылыстану факультеті
Экология және химия кафедрасы**



**В012-Химия мұғалімдерін даярлау БББ тобы
6В01522–Химия ІР / 6В01562–Химия-**

биология

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

2025ж.



ББ сипаттамасы

- Қазіргі таңда **6B015 Жаратылыстану пәндері** бойынша мұғалімдерді дайындау дайындық бағыты бойынша, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2010 жылы бекітілген №0137408 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз.
- **ББ Берілетін дәреже:**
- 6B01522 – «Химия ІР» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
- 6B01562 – «Химия-биология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
- **Қолдану саласы:** Білім беру бағдарламасы Химия ІР/ Химия-биология мұғалімдерін даярлауға арналған

Экология – химия кафедрасы бойынша білім алушылар контингенті

ББ атауы	1 – курс	2 – курс	3 – курс	4 – курс	Барлығы
6B02547 – Экология	39	21	22	22	104
6B01522 – Химия ІР	13	57	27	21	118
6B01562 – Химия – биология	37	62	16	19	134
6B01524 – География	19	21	12	-	52
7M0223 – Экология	2	2	-	-	4
7M01535 – Химия ІР	7	15	-	-	22

Кафедра бойынша білім алушылар контингенті

ББ атауы	1 – курс	2 – курс	3 – курс	4 – курс	Барлығы
6B01522 – Химия ІР	13	57	27	21	118
6B01562 – Химия – биология	37	62	16	19	134

2024-2025 оқу
жылына профессор
оқытушылар
құрамының штат
кестесі

```
graph TD; A[2024-2025 оқу жылына профессор оқытушылар құрамының штат кестесі] --> B[Штат бірлігі 20,75]; A --> C[Кредит саны 404,72];
```

Штат бірлігі 20,75

Кредит саны 404,72

Оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтер; білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар	Магистрлар аға оқытушылар	Магистр, оқытушылар	Аға оқытушылар	Қосалқы оқытушылар
Сарбаева Қ.Т.	Беласарова Ш.М.	Сейдакбарова А.Д.		Мамырбекова А.К.
Нұрділлаева Р.Н.		Баешова К.А.		Конурбаев А.Е.
Сарбаева Г.Т.				Сунакбаева Д.К.
Жылысбаева Г.Н.				Ахметов Н.А.
Алтынбекова М.О.				Абдраимова К.Т.
Абжалов Б.С.				Койшиева Г.Ж.
Әбдімүтәліп Н.Ә.				Гаипов Т.Ә.
Тойчибекова Г.Б.				Усенбаева Д.У.
Берді Д.К.				Шайхидинұлы Ж.
Сарбаева М.Т.				
Курбаниязов С.К.				
Шалабаева Г.С.				

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақтаулы туралы
мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1 – қосымшаға сәйкес
нысан бойынша)

Даярлау коды мен бағыты	Білімгер саны	ОПҚ саны	Ғылыми дәрежесі бар ОПҚ
6B01522 – Химия ІР	118	14	56,25
6B01562 – Химия – биология	134	14	50

Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2- қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

ББ коды мен атауы	Білімгер саны	Оқытылатын пәндер саны	Қамтамасыз етілуі
6B01522 – Химия IP	118	44	100%
6B01562 – Химия – биология	134	43	100%

Ескерту: кітапханаға оқулықтар мен оқу құралдарына ұсыныс берілді

БББ бойынша 1 – қосымша (2,8 – қосымша) мәліметтері

6B01522 – Химия ІР

6B01562 – Химия – биология ІР

Білім беру бағдарламасы
пәндерінің оқу және ғылыми
әдебиеттермен қамтамасыз етілу
картасы (2 қосымша бойынша) 61
пән 100%

Білім беру бағдарламасы
пәндерінің оқу және ғылыми
әдебиеттермен қамтамасыз етілу
картасы (2 қосымша бойынша) 59
пән 100%

Білім беру бағдарламасы
пәндерінің цифрлық
тасымалдағыштардағы оқу және
ғылыми әдебиеттердің болуы туралы
мәліметтер (8 қосымша бойынша) 61
пән 100%

Білім беру бағдарламасы
пәндерінің цифрлық
тасымалдағыштардағы оқу және
ғылыми әдебиеттердің болуы туралы
мәліметтер (8 қосымша бойынша) 59
пән 100%

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТҮЛЕГІНІҢ АТРИБУТТАРЫ**

1.	Жоғары этика мен парасаттылықты ұстанады.
2.	Ашықтық пен сыйластық қағидаттарын ұстанады.
3.	Көшбасшы, жаңа мүмкіндіктер іздейді және шешім қабылдайды.
4.	Көптілді, мәдениетті және қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары және тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.
5.	Кәсіби саласында білімді, инновациялық және бейімделгіш.
6.	Заманауи цифрлық технологияларды меңгерген.
7.	Жаңа идеялар ойлап табады, өзгерістер енгізуге ұмтылады.
8.	Өмір бойы білім алуға және ізденуге қабілетті.

**«Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша
ТҮЛЕК АТРИБУТТАРЫ**

1	Көшбасшылық және топтық жұмыс
2	Кәсіби қызметін өз бетінше жоспарлауға және жобалауға, жаңа идеяларды біріктіруге қабілетті
3	Этика және адалдық
4	Зерттеу дағдылары
5	Цифрлық дағдылар
6	Үздіксіз оқу

3.1. Педагогикалық және жалпы құзіреттілік салалары/оқу нәтижелері

- **Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттіліктер**

1. Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.

2. Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

- **Өзара іс-әрекетке қатысты құзыреттіліктер аясы**

3. Болашақ мұғалімдер әртүрлі интерактивті көп мәдениетті қарым-қатынастар мен қоғамдарда, осы қызмет түрінің алдында қойылған мақсаттарды ескере отырып, офлайн да, онлайн да сындарлы сөйлесе алады;

4. Болашақ мұғалімдер әртүрлі кәсіби желілік қауымдастықтарда жұмыс істей алады, сондай-ақ сындарлы меншік педагогикалық және қоғамдық қызметке қажетті кәсіби қарым-қатынасты түзе алады.

5. Болашақ мұғалімдер орта білім берудегі үш тілдік білім беру шеңберінде оқыту мүмкіндігіне, сондай-ақ педагогтың жаһандық білім беру қауымдастығына қатысу қабілетіне ие.

- **Педагогтардың жұмыс ортасына қатысты құзыреттіліктер аясы**

6. Болашақ мұғалімдер халықаралық және ұлттық келісімдер және құжаттармен, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымдарымен, мекемелерінің жұмысына және өзінің қызметіне әсер ететін ұлттық білім беру қағидаттарымен, заңнамаларымен және ережелерімен таныс.

7. Болашақ мұғалімдер (а) ұйымының қызметіне байланысты өз қызметін қарастыруға; (ә) өзара және мектептен тыс серіктестер (отбасы, аймақтық субъектілер, еңбек қызметі) арасында оң көзқарас пен көп бейінді серіктестікті құру бағытында парасатты жұмыс істеуге қабілетті.

- **Кәсіби дамуға қатысты құзыреттіліктер аясы:**

8. Болашақ мұғалімдер ойлауға, сондай-ақ өзінің құндылықтарын, ұстанымдарын, этикалық қағидаттары мен жұмыс істеу әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға, сонымен қатар меншік педагогикалық дамуы, ұйымының дамуы мен кәсіби өркендеуі жолында жаңа мақсаттар қоюға қабілетті.

9. Болашақ мұғалімдер аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде күтілетін өзгерістерге байланысты өздерінің педагогтік қызметін, жұмыс істейтін ұйымдарының қызметін дамыту қабілетіне ие.

10. Болашақ мұғалімдер әртүрлі сенімді көздерден және әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен теориялық білімді өндіріп, іздеп, сыни іріктей алады, тәжірибелік біліммен қосылып, олар оның өзінің, оның қауымдастығы ұстанатын теорияларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқытудың алға басуы мен меншік кәсіби өсуі үшін білімді қолдануға қабілетті және дайын.

3.2 Пәндік және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

• *Құзыреттіліктер саласы - Концептуалдық-теориялық білім құзыреттіліктері*

1. Болашақ мұғалімдер жаратылыстану-ғылым тұрғыдан заттардың өзгеруінің заңдары мен заңдылықтарын негіздеу үшін тұжырымдамалық білімді түсіндіре және қолдана алады.
2. Болашақ мұғалімдер заттың құрылысы мен химиялық үдерістерді сипаттау және түсіндіру үшін әртүрлі үлгілерді қолдана, заттың құрылымы мен оның қасиеттері арасындағы байланысты орната алады.
3. Болашақ мұғалімдер ғылыми білімді жалпылап, жүйелей алады және әртүрлі ақпарат көздерін алу мен сыни тұрғыдан бағалауға үйрете алады.
4. Болашақ мұғалімдер ғылымның қоршаған ортаға әсерін талдап, талқылай алады

• *Құзыреттіліктер саласы – тәжірибелік-зерттеу қызметінің құзыреттіліктері*

5. Болашақ мұғалімдер ғылыми-зертханалық және оқытушылық сипаттағы әртүрлі тәжірибелік-бағдарлы тапсырмаларды орындау үшін эксперименттік есептеу үлгісін қолдана білу қабілетін көрсетеді.;
6. Болашақ мұғалімдерде зерттеу жүргізудің бастапқы нүктесі ретінде сұрақ қоя алатын білім мен дағдылар бар;
7. Болашақ мұғалімдер тапсырма бере алады және бірлесіп эксперименттік зерттеулер жүргізе алады, мақсаттарға қауіпсіз және жүйелі түрде қол жеткізе алады, нәтижелерді де, бүкіл зерттеу үдерісін де өңдейді, түсіндіре, ұсына және бағалай алады;
8. Болашақ мұғалімдер химияны және биологияны оқыту кезінде оқушылардың оқу-тәрбие үрдісін және әртүрлі іс-әрекеттерін жоспарлай алады;
9. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас стратегиялары мен ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларына.

• *Құзыреттіліктер саласы - Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі*

10. Болашақ мұғалімдер экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі ақпаратты түсінуге, баяндауға және сыни тұрғыдан талдауға қабілетті.
11. Болашақ ұстаздар тұрақты даму жағдайында меншік адамгершілік және азаматтық ұстанымын дамыта алады.
12. Болашақ мұғалімдер оқушыларды және идеяларды құруда, жобалауда, әзірлеуде және алынған нәтижелерді қолданудың әртүрлі салаларындағы мамандармен бірлесіп, химияны және биологияны технологияда қолдануды түсінуге одан әрі оқыту үшін интеграциялық үдерістердің заманауи өнімі ретінде сабақтас ғылымдар бойынша білімдерін синтездей алады.
13. Болашақ мұғалімдер ақпарат пен зерттеу нәтижелерін алу, өңдеу және ұсыну үшін тілдік құзыреттіліктерді және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана алады, әртүрлі құбылыстарды үлгілеу, көрсету арқылы оқушыларды оқу үдерісіне тарта алады.
14. Болашақ мұғалімдер өз ұстанымдарын дәлелдей алады және оқушыларға тұрақты болашақты құру үшін химия білімін қолданудың маңыздылығын түсінуге және табиғи ресурстарды және өнімнің өмірлік циклдерін тұрақты пайдалану тұрғысынан өз таңдауларын бағалауға үйретеді.

3.3 Міндетті компонент: құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

- *Дүниетанымдық, тарихи және адамгершілік дамуға қатысты құзыреттілік бағыты*

1. Болашақ мұғалімдер табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми әрі философиялық таным әдістерімен ғылыми түсіну мен зерттеуді қамтитын философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаны бағалай алады.

2. Болашақ мұғалімдер мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіре алады.

3. Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсініп, ғылыми талдау жасай алады

4. Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын талдай алады.

- *Әлеуметтік, мәдени және азаматтық дамуға қатысты құзыреттіліктер бағыты*

5. Болашақ мұғалімдер өзінің моральдық және азаматтық ұстанымдарын дамыта алуы және қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете алады.

6. Болашақ мұғалімдер әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білімдерінің негіздерін біледі және түсінеді, өзінің жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады.

7. Болашақ мұғалімдер әлеуметтік және өндірістік саладағы жағдайларға баға беріп, болып жатқанның барлығына өзінің берген бағасын дәлелдей алады.

- *Тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынасқа қатысты құзыреттіліктер бағыты*

8. Болашақ мұғалімдер тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың түрлі саласында жағдайды бағалай алады; қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша/жазбаша қарым-қатынас жасай алады.

9. Болашақ мұғалімнің өзінің жеке қызметінде ақпараттық-байланыстық технологияның түрлерін – ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау, тарату үшін интернет-ресурстарды, бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану мүмкіндігіне ие.

10. Болашақ мұғалімдер дене тәрбиесі әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметін қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстана алады.

11. Болашақ мұғалімдер әдіснама мен талдауды таңдай, ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана, сондай-ақ жаңа білімді түзе алады.

6B01522 – Химия ІР
4.2 Пәндік компоненттің құрылымы

Модуль атауы және негізгі пәндер	Академиялық кредит
ТҮРКІ ДҮНИЕСІ	16
Таңдау компоненті	3
Ататүрік принциптері	3
Түркі мемлекеттер тарихы	
Жоғары оқу орны компоненті	13
Ясауитану	3
Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 1-А1,В2)	5
Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 2-А2, С1)	5
АЙНАЛАМЫЗДАҒЫ ХИМИЯ	24
Жоғары оқу орны компоненті	10
Химиядағы математика мен физика	5
Химиялық өндіріс негіздері	5
Таңдау компоненті	14
Қоршаған орта химиясы	4
Экологиялық білім беру және тұрақты даму	
Биохимия	5
Тұрмыстағы химия	
Коллоидты химия	5
Полимерлер химиясы	
ҚОЛДАНБАЛЫ ХИМИЯ	21
Жоғары оқу орны компоненті	12
Аналитикалық химия	7
Табиғат нысандарының биогеохимиялық талдауы	5
Таңдау компоненті	9
Химиялық талдау	3
Химиядағы жобалау және мәліметтерді өңдеу	
Хемоэкология	
Химиялық синтездеу өнері	6
Нанохимия	

ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫМЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ	23
Жоғары оқу орны компоненті	17
Химиялық байланыс және құрылым	4
Атом құрылымы және периодтылық	6
Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	7
Таңдау компоненті	6
Бейорганикалық химия	6
Химияға кіріспе	
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ МЕХАНИЗМІ	20
Жоғары оқу орны компоненті	10
Ерітінділер химиясы	5
Физикалық химия	5

Таңдау компоненті	10
Кинетика және катализ	5
Термохимия	
Электрохимия	5
Радиохимия	
ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ	26
Жоғары оқу орны компоненті	21
Академиялық жазылым	3
Мектепте химияның құрылымдық-мазмұндық бөлімдерін оқыту	6
Химия зертханасы және тәуекелдерді басқару	2
Химиядан есептер шығару	6
Химия бойынша оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру	4
Таңдау компоненті	5
STEM-білім беру	5
Химия сабақтарындағы CLIL	
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ	8
Барлық академиялық кредиттер	138

6B01562 – Химия – биология ІР
4.2 Пәндік компоненттің құрылымы

Модуль атауы және негізгі пәндер	Академиялық кредит
ТҮРКІ ДҮНИЕСІ	16
Таңдау компоненті	3
Ататүрік принциптері	3
Түркі мемлекеттер тарихы	
Жоғары оқу орны компоненті	13
Ясауитану	3
Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 1-А1,В2)	5
Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 2-А2, С1)	5
ХИМИЯ-БИОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ	11
Жоғары оқу орны компоненті	5
Цитология, гистология және эмбриология	5
Таңдау компоненті	6
Бейорганикалық химия	6
Жалпы химия	
Химияға кіріспе	
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ	60
Жоғары оқу орны компоненті	44
Атом құрылысы және периодтылық	5
Өсімдік ағзасының құрылымы мен қызметі	6
Аналитикалық химия	7
Жануарлардың құрылымы мен қызметі	6
Академиялық жазылым	3
Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	7
Физикалық химия	5
Химиядан есептер шығару	5
Таңдау компоненті	16
Биохимия	5
Биоорганикалық химия	
Адам биологиясы	5
Адам анатомиясы	
Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары	6
Генетика және селекция негіздері	

ХИМИЯ-БИОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР	16
Жоғары оқу орны компоненті	11
Мектепте химияның құрылымдық-мазмұндық бөлімдерін оқыту	6
Химия бойынша оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру	5
Таңдау компоненті	5
Биологиялық зерттеулерді жүргізу әдістемесі	5
Биологиялық білім берудегі зерттеу және жобалау қызметі	
БИОХИМИЯ НЕГІЗДЕРІ	20
Жоғары оқу орны компоненті	10
Химиялық синтездеу өнері	5
Молекулалық биология	5
Таңдау компоненті	10
Микробиология биотехнология негіздерімен	5
Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен	
Биофизика және биоинформатика	5
Жаратылыстанудың ғылыми негіздері	
ХИМИЯ-БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ	7
Жоғары оқу орны компоненті	2
Химия зертханасы және тәуекелдерді басқару	2
Таңдау компоненті	5
Биологиядағы STEM-білім	5
Биологиядағы цифрлық технологиялар	
STEM оқытуды жобалау	
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ	8
Барлық академиялық кредиттер	138

Жұмыс берушілердің 2024-2025 оқу жылына жарамды келісім шарттар тізімі

<i>№</i>	<i>Мекеме аты</i>	<i>Келісім шарт №</i>	<i>жарамдылығы</i>
1	Түркістан қаласы, Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты	№19/3950 13.12.2019ж.	31.05.2025ж.
2	Кентау қалалалық Дарын мектеп-интернаты	№21/244 15.12.2020ж.	31.08.2026ж.
3	Түркістан қаласы, Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп	№22/3370 03.12.2022ж.	31.12.2030ж.
4	Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясы	№24/216 05.01.2024ж.	31.12.2030ж.
5	Түркістан қаласы, А.Т.Бегелдинов атындағы №16 жалпы білім беру мектебі	№24/214 05.01.2024ж.	31.12.2030ж.
6	Түркістан қаласы, Б.Момышұлы атындағы №22 жалпы білім беру мектебі	№24/213 05.01.2024ж.	31.12.2030ж.
7	Түркістан қаласы, Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы	№24/217 05.01.2024ж.	31.12.2030ж.
8	Түркістан қаласы, Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі	№24/212 05.01.2024ж.	31.12.2030ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Жаратылыстану факультеті
Экология және химия кафедрасының
SWOT-талдауы

Strengths/Күшті жақтар	Weaknesses/Әлсіз жақтар
1. Кафедраның барлық құжаттары мен жазбалары мемлекеттік тілде жүргізілуі; 2. Кафедрада тәжірибелі, білікті және ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың дәріс және тәжірибелік сабақ беруі (ғылыми дәрежелілік 75%); 3. Кафедра құрамында «Болашақ» бағдарламасының иегері, Республикалық гранттық бағдарламалардың сертификат иегерінің болуы; 4. Кафедрадағы ОПҚ-ның педагогикалық және кәсіби біліктіліктерін үздіксіз жетілдіру; 5. Түркиядан келген профессорлардың сабақ беруі; 6. Халықаралық және республикалық конференциялар мен семинарларға қатысуы.	1. Университеттің ұйымдастыру құрылымында жиі өзгерістердің ендірілуі: • Көптеген құжаттарды қайта жасауға тура келеді. 1. Оқу-дала практикасын өткізу үшін құрал-жабдықтар жеткіліксіз; 2. Профессор-оқытушылардың басқа мемлекеттерде біліктілігін көтеру деңгейі өте төмен; 3. ОПҚ-ның тіл игеру мүмкіндігінің жеткіліксіз болуы.
Opportunities/Мүмкіндіктер	Threats/Қауіптер
1. Профессор-оқытушылардың біліктілігін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізу; 2. Оқытуда жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқу үрдісінің сапасын арттыру (интерактивтік тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану); 3. Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуде студенттердің белсенділігін арттыру арқылы ғылыми конференцияларда және олимпиадаларда жүлделі орын алу. 4. Кафедра өзінің қызметінде екі елдің қаржылық мүмкіндіктерін пайдалану.	1. Бүкіл әлемдік экономикалық дағдарыс кафедраның жоспарлаған іс-шараларын іске асыруға кедергі келтіруі мүмкін; 2. Студенттердің төлем қабілеттілігінің төмендеуі; 3. Жаңа технологияларды игеруде мамандар тапшылығы; 4. Студенттер арасында ұлттық дәстүрімізге қауіп-қатер төндіретін діни ағымдардың іс-әрекеті.